

“Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы №31 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 мамырдағы № 103 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 маусымда № 5881 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. “Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 31 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4910 болып тіркелген, 2015 жылы 18 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде және 2015 жылы 30 наурызда “Әділет” ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының әкімі

Т. Дүйсебаев

“КЕЛІСІЛДІ”

Жалағаш аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

С.Әлиев

29 мамыр 2017 жыл

Жалағаш ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 29 мамырдағы
№ 103 қаулысына қосымша
Жалағаш ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 2 наурыздағы
№ 31 қаулысына қосымша

Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары

№	Елді мекеннің атау	Орналасқан жері
1	2	3
1	Жалағаш кенті	Желтоқсан көшесі №7 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жаны
2	Жалағаш кенті	К.Мырзалиев көшесі №73 мекен-жайда орналасқан Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының “Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Жалағаш аудандық орталық ауруханасы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды

3	Жалағаш кенті	Абай көшесі №42 мекен-жайда орналасқан Әділет базарының жаны
4	Жалағаш кенті	Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
5	Жалағаш кенті	Желтоқсан көшесіндегі орталық алаң (оңтүстік жағы)
6	Жалағаш кенті	Желтоқсан көшесіндегі орталық алаң (солтүстік жағы)
7	Жалағаш кенті	Қазбек би көшесі №40 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №31 мектеп-гимназия” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
8	Жалағаш кенті	Жеңістің 50 жылдығы көшесі бойындағы “Ай-ару” кешені ғимаратына қарама-қарсы
9	Ақсу ауылдық округінің Ақсу ауылы	Т.Елеусинов көшесі №14 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №116 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
10	М.Шәменов ауылдық округінің М.Шәменов ауылы	Бұқарбай батыр көшесі №6 мекен-жайда орналасқан “М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының М.Шәменов ауылдық мәдениет Үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
11	Қаракеткен ауылдық округінің Қаракеткен ауылы	Игілік көшесі №8 мекен-жайда орналасқан “Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Қаракеткен ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
12	Қаракеткен ауылдық округінің Далдабай ауылы	Далдабай көшесі №22 мекен-жайда орналасқан “Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратының Далдабай ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
13	Бұқарбай батыр ауылдық округінің Бұқарбай батыр ауылы	Бұқарбай батыр көшесі №21 мекен-жайда орналасқан “Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының Бұқарбай батыр ауылдық мәдениет Үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
14	Аққұм ауылдық округінің Аққұм ауылы	Бейбітшілік көшесі №31 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің Алдаберген Бисенов атындағы №38 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
15	Таң ауылдық округінің Таң ауылы	Орынбай жырау көшесі №5 мекен-жайда орналасқан Жалағаш ауданы әкімдігінің “Таң ауылдық округі әкімі аппараты” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
16	Таң ауылдық округінің Жаңа қоныс ауылы	Жаңа қоныс көшесі №17 мекен-жайда орналасқан дәрігерлік пункті ғимаратының алды
17	Еңбек ауылдық округінің Еңбек ауылы	Т.Дауытбаев көшесі №5 мекен-жайда орналасқан “Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының Аққошқар ауылдық мәдениет Үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
18	Аламесек ауылдық округінің Ақарық ауылы	К.Әбішев көшесі №24 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №124 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
19	Жаңадария ауылдық округінің Жаңадария ауылы	Достық көшесі №20 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №203 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
20	Мырзабай ахун ауылдық округінің Мырзабай ахун ауылы	Ә.Жүргенбаев көшесі №28 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №122 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды

21	Мәдениет ауылдық округінің Мәдениет ауылы	Мектеп көшесі №61 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №32 Илияс Қабылов атындағы мектеп-лицей” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды
22	Мақпалкөл ауылдық округінің Темірбек Жүргенов атындағы ауылы	Ә.Оңалбаев көшесі №38 мекен-жайда орналасқан “Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының Темірбек Жүргенов ауылдық мәдениет Үйі” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
23	Жаңаталап ауылдық округінің Жаңаталап ауылы	Ә.Қожабаев көшесі №56 мекен-жайда орналасқан “Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының Жаңаталап ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының алды
24	Аққыр ауылдық округінің Аққыр ауылы	Н.Таспенев көшесі №4 мекен-жайда орналасқан “Жалағаш аудандық білім бөлімінің №188 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының алды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК